



Жуырда Нұр-Сұлтан қала-сындағы Ұлттық ғылыми кітапханада мемлекет қайраткері, есімі аңызға айналған Едіге батырдың 600 жылдығына орай сирек кітаптар көрмесі өткен екен. Едіге-қазақ халқының ұлттық мақтанышы. Бірақ, біз онымен мақтанып көріппіз бе? Әйтеуір, ол туралы үлкендердің өзара сыбыр-күбірін ғана еститінбіз.

Едіге бастаған қазақ сарбаздарының 1399 жылы Борсықтыдағы қан майданда Поляк королі Витовит бастаған, литва, орыс княздары, тевтон ордені қосылған төрт мемлекеттің ондаған пушкасы, мылтықтарымен қаруланған, мұздай жасанған қолын қиратып салғанын кейін білдік. (Білмейтіндер әлі де толып жатыр). Садақпен, қылыш, шоқпармен қарсы шығып, елді ұйымдастырып, осынша жауды жер қаптыру неткен ерлік де-сейші. Бұл Алтын Орданың әбден әлсіреген шағы еді ғой. Борсықтыдағы шайқаста Витовит король аз ғана адаммен зорға қашып құтылған.

Осының алдында Рим папасы қолтығына су бүріккен батыс жұрты қайта-қайта шабуылдап, Алтын Орданың біраз жерін басып алғын да, Днепр мен Донның арасындағы Дешті Қыпшақ даласындағы біздің жұрттың қырғанын қырып, қалғанын құлдыққа айдап әкеткен. Ендігі мақсат Еділ мен Ертістің арасындағы халықты жер ету еді. Борсықты шайқасында біз жеңілген бүгінгі Қазақ деген халық болар ма еді, болмас па еді. Таққа таласқан хандар қырылысып жатқанда (жиырма жылда жиырма хан өлтірген) мылтықсыз халқын көк мылтыққа қарсы қоя біліп, жеңістің

ЕЛ ҚАМЫН ЖЕГЕН ЕДІГЕ

са, балалары Жалаладин мен Керімберді орыс княздарының арасына барып, бас сауғалды.

Осы шайқастан соң кері оралған Едіге иесіз қалғанадай болған Алтын Орда тағына Темір Құтлықты отырғызды да, өзі Әмір Темірден бір жолата бөлініп кетті. Ол хан тағына жақындамады, Ұлы Даланы мекен еткен көшпелі елдің арасынан өзінің мекенін тапқан. Едіге хан тағына отыруды

шығады деген сылтауымен екі полк әскер де берген. Сөйтіп, Шәдібек іштей араздықты өршітті. Едіге батырдың Сібірге өтіп кеткен Тоқтамысқа қарсы аттанғанын естіп, осы шақты пайдаланған Тоқтамыстың ұлы Жалаладин Шәдібекті қуыш шығып, Алтын Орда тағын басып қалды.

Едіге батырдың ат басын бұрып, Алтын Орда астанасына таяп келе жатқанын естіп



мақсұт тұтпаған тұлға. Тайпатайпаның арасында тақ үшін талас болмауы үшін, бірлікті, тыныштықты сақтау үшін тек қана Шыңғыс ұрпақтары хан болуы керек деген ұстанымды берік ұстаған. Оның өмірі де кешегі қаһарлы Алтын Орданың әбден әлсіреген тұсына дәл келген еді. Орда тақ таласын басынан кешкен. Баянсыз бак үшін қан төгіскен қауқарсыз хандар жиырма жылда жиырма-сы бірін-бірі өлтіріп, хан тағы, мемлекет билігі қансырап бос қалғандай заман орна-

Жалаладин Орда тағын тастай қашқан. Ұлы би Едігеге бет көрсетпегуге жүзі шыдамаған, Орда тағын жау ниеттіге бере салғандай болған Шәдібек те Ордадан безген. Көп кешікпей оның да ажал құшқан хабары жетіп, Ұлы би Едіге мұрагерлік жолымен хан тағына Шәдібек ұлы Болатты отырғызды.

Орыс жерін паналаған Тоқтамыстың балалары Жалаладин мен Керімберді орыс княздарын дүрліктіріп, жиі-жиі Алтын Орда жеріне басып кіріп, қаракшылық шабуылдарын

лы әскерін ертіп, Жалаладин Ордаға жетіпті.

Алтын Орда тағының маңында бүліншілік болып жатуы Ұлы биді еріксіз Мәскеуліктердің ұсынысын қабылдауға мәжбүрлеп, Ордаға қарай ат басын бұрған. Ұлы би Василий князға хат жазып кеткен екен. Көне архив мұны да сақтапты. «Орыс жері біздің адал ұлысымыз болатын... салық төлейтін... сен өзін не істеп жүргеніңді білемісің?... Ұлысың талан-таражға түсті... Хан салығын орынымен төлеп тұрсаң, орыс жері тыныш болар еді. Ал, сен құл сияқты бұқпалап қашып жүрсін. Ойлан да, ақылға кел».

Мұнан кейін Мәскеу князі өле-өлгенше салықты уақытында Ордаға жеткізіп тұрған еді. Алтын Орда тағына ие бола қалған Жалаладин Едіге батырға қарсы шығуға жүрегі дауламай, тақты тастай қашқан. Оның тағы да Витовтты паналағаны естілген. Тақ таласы Болаттың да басын жұтқан. Баска ретін таппаған Ұлы би Едіге Алтын Орда тағын Болаттың туған ағасы Темірге берген. Өркөкірек Темірдің хандық ісі Шәдібектен аспады. Темір хан Ұлы би Едігеден теріс айналған. Бұл араздықты сәтті пайдаланған Жалаладин бір-ақ түнде Орда тағына ие болып шықты.

Ұлы би Едіге бұл жолы істің аңысын күтіп, асықпаған. Таққа осынша ұмтылып жүрген Жалаладиннің ісін көргісі келгендей еді. Бірақ сонша болмаған, Жалаладинді інісі Керімберді өлтірді деген хабар жеткен. Тақ таласы тағы да шыңына жеткендей. Керімбердінің хандығы да ұзаққа созылмады, ол інісі Кепектің қолынан ажал тапқан.

Жалаладинді Витовт қолдап, ол Витовттың дегенін жасаса,

аған екен. Біраз тыныштық орнап, келісім де жасалған.

Бір кезде Едігеге қатын болған Тоқтамыс қызы Жәніке сақтап қалып, кейін жат жерде өскен Кәдірбердіні Шырын әулеті сүйеп, Қырымда хан деп жарияланды да оны Витовт қолдап шықты. Витовттан мұздай қаруланған әскер алып, оған Қырым жұртынан жасақталғандарды қосып, Кәдірберді Алтын Ордаға қарсы жорыққа шыққан. Едіге батыр жаумен Елек өзенінің Үш бөрте аталатын сағасында кездесті. Дұшпанды бастап келген Кәдірберді ажал құшса, Ұлы би Едіге де ауыр жараланған.

Жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Әнес Сарай «Ноғайлы» деген бұлтартпас деректер негізінде жазылған зерттеу кітабында Едігені «Ләшкербасы Хажы Мұхаммед (Көшім ханның бабасы) Құмкент, Баба түкті Шашты Әзиз жанына жеткізе алмай, Ұлытауға жерледі» деп тарихи деректерге сүйене отырып дәлелдеген. Таққа отыруды мақсұт тұтпаған, бар ғұмырын Ұлы мемлекеттің тағын да, халқының бағын да сақтау үшін сарып еткен Ұлы би Едіге батыр дүниеден озған. Ұлы тұлғаға әр елдің де, әркімнің де бар таласы. Ресей ғасырлар бойы Шыңғыс ханды жамандап келді. Сол орыстың бір журналистінің «Великий Чингиз хан славянского происхождения» деп жазғанын оқып, таң қалған едік.

ҰлыЕдігені татар да, башқыр, қарақалпақ, ноғай да өздерінің ұлттық батыры деп есептейді. Өйткені бұл халықтардың барлығы да Алтын Орданың құрамындағы елдер. Оларда Едіге туралы талай жырлар сақталған. Кейінгі кезде Едіге батырдың мәңгілік орыны туралы неше қилы әңгімелер шығып жүр. Алдыңғы жылы біреулер Ер Едігенің моласын Маңғыстаудан тапқан болып жазса, өткен жылы «пәлен деген шал айтты» деп, Едіге Ақтөбе облысынын Байғ-

туын желбірете алған, келер ұрпақтың да еркін ел болуы үшін арпалысқан Едіге батырдың ерлігі бүгінгі де, келер ұрпақ үшін де шексіз үлгі.

Күмкент қаласында Құтлықия ның отбасында дүниеге келген Едігенің де өмір жолы оңай болмаған. Тақ үшін тартысқа түскен Ұрысханның қолынан Құтлықия да, Тоқтамыстың әкесі Тайкожа хан да қаза болған. Жансауғалаған Тоқтамыс та, бас амандағы үшін жас Едіге де Өмір Темірді паналаған. Таққа ұмтылған Тоқтамыстың бір шайқаста күйрей жеңіліп, жараланып, қамыс арасына жасырынып, жылап отырғанында оны аман-есен алып шығатын да осы Едіге.

Ақыры жанжалдан, қырқысудан әлсіреген Алтын Орданы басып алмай оның тағына Тоқтамыстың келуіне жәрдем еткен. Өмір Темірге дұшпан болып шыға келген Тоқтамыс өзара жауласуға әкелді. Ерлігінен жұрт сөзіне елі-гүі басым Тоқтамыс өзін жана Шыңғыс хан деп түсінді. Ол Шыңғыс хан иеленген жердің бәріне өзі иелік еткендей ниетте еді. Күнбатыс жұртты Алтын Орда жерін басып алып жатқанда ол оны елемей, түбі түркі елін өзара жаулауға жол салды. 1391 жылы Сарысуды бойлай Тоқтамыс қолын қуа шыққан Өмір Темір қолының ішінде Едіге де бар еді. Едіге күні бұрын жасырын хабаршы жіберіп, түбі қазақы жұрттың Өмір Темір қолынан алысырақ жылжып кетуіне қамқорлық жасады. Әйгілі Өмір Темірмен бетпебет шайқасуға жүзі шыдамаған Тоқтамыс Ұлытау өтіп, онан әрі Тобылға жылжып қашып, ақыры Еділ де бойлап, орысқа таяу Күндіршінге жеткен. Онан әрі қашатында жер жоқ еді. Оған осы жерде біраз орыс қолы да қосылған. Күндіршіндегі қырғын соғыста Тоқтамыс қолы апатты жеңіліс тапты. Ол өзі поляк королі Витовтты панала-

ған. Балақтағы бит басқа шыққан тұста кешегі Алтын Ордаға бас иген бөтен жұрт енді мемлекеттің тұтастығына шабуылдап, әрқайсы әр пұшпағына иелік ете бастаған. Едіге батыр әбден әлсіреген Алтын Орданың шаңырағын сақтап, іргесінің беріктігін бүтіндеу үшін ішкі де, сыртқы жауларымен арпалысты.

Борсықтыда Едігеден оңбай жеңілген Витовтың беті қайтқан жоқ еді. Күндіршінде жеңіле бастағанын көріп, ұрыс даласын тастай қашқан Тоқтамысты ол тегін паналатқан жоқ. Витовтың арманы Тоқтамысты әрі қарай пайдаланып, түбі Алтын Орданы басып қалып, қорғаушысыз қалған орыстарды да бағындыру еді. Витов Тоқтамыс билігіне жер бөліп берді, өз әскерін құруына көмек етті. Сөйтіп ол ақыры Қырымда Тоқтамысты хан деп жариялады. Алтын Орданың қасиеті жерінің бірі Қырымдағы жұрттың Тоқтамыс бастап келген жат жұрттықтардың зорлық-зомбылығынан құтқару да Едігенің үлесіне тиген еді.

Хан тағын Едіге батырдың, Алтын Орданың Ұлы биінің сырттай бақылауымен, көмегімен біраз уақыт басқарған, іштей тыныштыққа қол жеткізген Темір Құтлық хан да ажалы жетіп, дүниеден озған. Хан тағына енді кім ие болады дегендей кезең туған. Анталаған үміткерлер жетерлік еді. Ұлы би Едіге хан тағына деген таласты біржолата тоқтату үшін тақ мұрагерлік жолмен ғана берілетін ұстаным енгізген. Басқа ыңғайлы тұлға болмағандықтан таққа өзімшілдеу Шәдібекті отырғызды. Шәдібек өзінше билеп-төстемек болды.

Ұтымды іс жүргізе алмаған Шедібектің күн сайын ел арасындағы беделі де кете бастаған. Ол Ұлы би Едігенің сөзін тындамауға тырысты. Кеше Алтын Ордаға қарсы шыққан орыс княздарына Витовтқа қарсы

жүргізе берген. Орыс княздары бұрынғыша Алтын Ордаға салық та төлеуін де тоқтатқан-дай еді. Алтын Орда қанша елсіресе де орыс жері Алтын Орданың орыс ұлысы болып есептелетін. Бұл жағдайды да реттеу керек еді. Әрі Борсықтыдағы соғыста Витовт бастаған батыстың ескеріне қосылған княздары да жуасыту қажеттін.

Борсықтыдағы шайқастан соң он жыл өткен соң ондағы баланы жиырмаға, онбестегісін жиырма беске келтіріп, тың күш жинаған Ұлы би Едіге батыр жорыққа аттанды. Ұлы би Мәскеу князіне «Бізге дұшпан Тоқтамыс балаларын паналатып отырсың, соның үшін қалың қолмен саған келе жатырмыз» деген хат та жіберген.

Шыбын жаны көзіне көрінген Мәскеу князі Василий қаланы тастай қашты. Мәскеу қорғанының іргесіне таяй салынған ағаш үйлерді «жаудан қорғауды қиындатады» деп боярлар өртеген. Өрт қаланың ішіне де кірген. Сөйтіп, Мәскеуді өрт шалды. Қорғанның сыртында баспанасыз қалған сан мыңдаған орыстарды бала-шағасымен қорған ішіне кіргізбеді.

Едіге батыр тас қамалды шабуылдауға асықпады. Ол бір де бір сарбазының босқа ажал тапқанын қаламады. Ұлы би Тверь князі Михаилдің Иваннына тас қамалды бұзу үшін зеңбіректерімен келуін тапсырған. Иван да пушкаларын сүйретіп келіп қалған еді. Мәскеуді ұстаған боярларда да ес қалмаған. Тамақ жетіспей қала халқы да ашына бастаған. Боярлар өздерінің кінәсі үшін үш жүз мыңдық алтын төлейтіндерін, өрі Алтын Ордаға мөңгі бағынатындарын айтып елші де жіберген еді.

Осындай сөтте Алтын Орда тағындағы Болат ханнан асығыс хабаршы келді. Едіге батырдың орыс жеріне кеткенін пайдаланып, күнбатыстың қару-

Керімберді Мәскеудің қолшоқпары. Витовттың да, Мәскеудің де сүйенгені алтын-күміске араны ашылған білікті топ. Кепек те олардан ұзап кетпеген.

Едіге батыр орыс пен литваның арасына кезек жүргізген Кепекті хан Ордасынан қуып тастап, хан тағына Шыңғысты отырғызған. Шыңғыс Бұхар, Самарқан жағында өсіп, шығыстың тәрбиесін алған, діні басқаны кәпір деп түсінетін сұлтан еді. Тәрбиесі бөтен Шыңғыстың таққа ие болуы Витовттың бар жоспарын бұзған. Ол енді Шырын әулетімен жалғасып, Егімбердіні Қырым ханы деп жариялады. Іле сақадай сай әсеріне Радзивиллин қолбасы етіп та-

ғайындап, жорыққа аттандырған. Ойда жоқта, хабарсыз жетіп келген жауға Шыңғыс қолда бар жасағымен қарсы шыққан. Сол арпалыста Шыңғыс та қаза болды.

1471 жылы Дербіс сұлтан-ды хан тағына ие еткен Ұлы би Едіге Ерімбердінің соңына түскен. Витовттың одақтасы геуялықтар мекендеген тана қаласын басып алды. Қашқан Егімберді Қофаның паналаған еді, Едіге батырдан қорыққан қофалықтар ұстап беретін болған соң, онан да қашып шықты. Литваға бет алған Егімбердіні жолшыбай сапарластары өлтіріп тынған.

Қанша рет жеңіліске ұшыраса да дүмпуі арғы жағынан болып жатқан Поляк, Литва, оған қосылған орыс княздары негізгі мақсаты Алтын Орданы жоюға арналған жорықтарын тоқтатпады. Орда үшін тыныштық керек еді. Ұлы би Едіге батыр поляк королі Витовтқа хат жазған. «... Ар намыс үшін бел жазбаған, талай ерлік істеген бізге көңілсіз кәрілік келіп жетті. Қалған ғұмырымызды бейбіт тыныштыққа бағыштағанымыз дұрыс болар. Екеу ара төгіскен қанымызды жер жұтты... жүрегіміздегі ашу-ызаны... су сөндірді» - деп жа-

анын ауданында жерленген деп жазды. Бірақ сол ауданда Едігенің жалы деген жота бар екенін, сондағы бір бейіттің Едігенің анасының моласы деп аталатынын бұрыннан біз естіген жағдай, ері ол туралы газеттер де жазған.

Шоқан Уәлиханов жанына академик Шренкті ертіп, Ұлытауға шығып, Едігенің басына тәуеп еткен. Бұл кәзіргінің алып қашпа сөзі емес, тарихи факт. Шоқан да, оған жол бастап барған ақсақалдар да иманы бар, әділ, таза жандар. Олар бір қияли әңгімені айта салатын бүгінгінің аумалы-төкпелі шалдары емес.

Ер Едігенің, қазақтың Ұлы биінің Ұлытаудың шыңында жатқан туралы бәз біреулермен айтысқанымыз «Егемен Қазақстан», «Түркістан» газеттерінде кезінде жарық көрген. Едігенің бас сүйегі деген сүйекті қолымызға ұстап отырып, оның олай емес екенін, Едігенің пирамида тәрізді тас моласы ашылмағанын да дәлелдеп шыққан едік.

Сайын даланың сайып қыраны Ер Едігенің қазақтың ұлттық батыры екенін бар әлемге мойындататын уақыт әбден жетті.

Ұлы би Едігенің 600 жылдығына орай Елордамыз бастап, Қарағанды қостап, Ұлытауда тәуеп ететін ғылыми-практикалық конференция өтуі сұранып тұрған жағдай. Әрі бұл ұлттық намысымыз да. Оған татар, башқыр, ноғай, қарақалпақ ғалымдары қатысса нұр үстіне нұр.

Кәмел ЖҮНИСТЕГІ, жазушы, "Құрмет" орденінің иегері.

("Егемен Қазақстан" газетінен алынды).